**2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 Қаулысы ( үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

369, 370, 371, 372, 373, 374, 375, 376, 377, 378-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің;

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
369-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**
**"Ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету"**
**деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 325931 мың теңге (үш жүз жиырма бес миллион тоғыз жүз отыз бір мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 470б қаулысымен.

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 9-бабы ; Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 8, 18, 21-24-баптары ; "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8

мамырдағы Заңының 5-бабы ; "Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 724 қаулысы ; "Қызмет телефондары мен мемлекеттік органдарының аппаратын орналастыруға арналған алаңдардың нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 қазандағы N 1217 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік жеңіл автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 қаулысы ; "Мемлекеттік қызметшілерді оқыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1706 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды сатып алудың ( сатудың), тіркеудің, жобалаудың, салудың (орнатудың), пайдаланудың және шетелден әкелудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 қазандағы N 1293 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін радиосәуле шығаратын құралдардың деректерін есепке алудың бірыңғай жүйесін құру бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 114 қаулысы ; "Бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдарға электроэнергия, жылу, ыстық пен суық су және тағы басқа коммуналдық қызметтерді қолданудың нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысы ; "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетуге арналған арнайы көлік құралдарын пайдалануды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 ақпандағы N 288 қаулысы ; "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасында ақпараттандыру және байланыс саласының дамуын және жетілдіруін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ұлттық ақпараттық инфрақұрылымы мен байланыс және ақпараттандыру саласының дамуын және жетілдіруін қамтамасыз ету; ақпараттандыру және байланыс саласындағы нормативтік құқықтық негізін жетілдіру; өз құзыреті шегіндегі қызмет түрлерін лицензиялау; байланыс және ақпараттандыру саласындағы және радиожиілік өрісін пайдаланудағы жеке және заңды тұлғалардың қызметіне мемлекеттік техникалық бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету;

радиожиілік өрісінің мониторингінің толық түрде қызмет ететін жүйесінің құрылуы; мемлекеттік органдардың ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстардың мемлекеттік регистрін сүйемелдеу; ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің қызметін техникалық қолдау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-дау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Ақпарат-тандыру және байланыс саласын-дағы уәкілетті органның қызметін қамта-масыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | 66 бірлік мөлшеріндегі штат санының лимитіне сәйкес Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің орталық аппаратын ұстау. Қатаң есептік бланктерін, лицензиялау және рұқсат бланктерін дайындау үшін қызметтер сатып алу. Автокөлікті ұстау және жалға алу. 2 тақырып бойынша нормативтік құқықтық құжаттар әзірлеу. Деректер беру желілеріне қол жеткізу жөніндегі және телефондық қызметтер үшін абоненттік және жалдық төлемдерді қамтитын ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерін қамтамасыз ету. | Жыл ішінде | Қазақ-стан Респуб-ликасы Ақпа-раттан-дыру және бай-ланыс агент-тігі |
| | | | | 113 бірлік мөлшеріндегі штат санының лимитіне | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | | 002 | Аумақтық орган-дардың аппарат-тары | сәйкес Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің аумақтық органдарын ұстау. Автокөлікті ұстау және жалға алу. Компьютерлік және ұйымдастыру техникасына техникалық қызмет көрсету. Деректер беру желілеріне қол жеткізу жөніндегі және телефондық қызметтер үшін абоненттік және жалдық төлемдерді қамтитын ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерін қамтамасыз ету. | Жыл ішінде | Қазақ-стан Респуб-ликасы Ақпа-раттан-дыру және бай-ланыс агент-тігі |
| 4 | | 007 | Мемле-кеттік қызмет-шілердің білік-тілігін арттыру | Мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту қызметтерін сатып алу. | 2006 жылдың ақпан-жел-тоқсан айлары | Қазақ-стан Респуб-ликасы Ақпа-раттан-дыру және бай-ланыс агент-тігі |
| 5 | | 009 | Мемле-кеттік орган-дарды материа-лдық-техни-калық жарақ-тандыру | Қостанай облысы үшін техникалық радиобақылаудың жылжымалы бекетін; Оңтүстік Қазақстан облысы үшін стационар-лық радиобақылау бекеттерін; қуаттылық өлшеуіште-рін; өріс анализаторларын; өріс анализаторларының антенналар жинақтарын, пеленгациялық антенналар жинағы бар портативтік тестілеу қабылдағыштарды; орталық аппарат және аумақтық органдар | 2006 жылғы ақпан-жел-тоқсан | Қазақ-стан Респуб-ликасы Ақпа-раттан-дыру және бай-ланыс |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | үшін жиһаздар мен ұйымдастыру техникасын сатып алу. Өткен жылдардың міндеттемелерін өтеу. | | агент- тігі |
| 6 | | 017 | Ақпа- раттық жүйелер- дің жұмыс істеуін қамта- масыз ету және мемле- кеттік орган- дарды ақпарат- тық-тех- никалық қамта- масыз ету | Компьютерлік есептеу техникасына техникалық қызмет көрсету. Интернет жүйесіне кіру қызметі. Шығын материалдарын сатып алу. | Жыл ішінде | Қазақ- стан Респуб- ликасы Ақпа- раттан- дыру және бай- ланыс агент- тігі |

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 470б қаулысымен.

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: ақпараттандыру және байланыс саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру - 2 тақырып бойынша нормативтік құқықтық құжаттар әзірлеу; мемлекеттік тілді оқыту - 38 адам; ағылшын тілді оқыту - 18 адам; ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелердің кідіріссіз жұмыс істеуін ұйымдастыру - 100%-ға орындау;
Агенттіктің орталық аппараты мен оның аумақтық органдары үшін жиһаздар, шкаф-сейфтерін және ұйымдастыру техникасын сатып алу; лицензиялық заңдардың орындалмауын және радиожиілік өріс пен радиоэлектрондық құралдармен заңсыз қызмет атқаратын пайдаланушыларды жедел түрде анықтау және оған жол бермеу - 100%-ға орындау.
Соңғы нәтиже: Қазақстан Республикасында ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелердің тиімді және кідіріссіз қызмет етуін қамтамасыз ету; Агенттіктің мамандарын мемлекеттік тілге оқыту қажеттіліктерін 21,2%-ға орындау; Агенттіктің мамандарын ағылшын тілге оқыту қажеттіліктерін 10%-ға орындау; Агенттіктің орталық аппараты мен оның аумақтық органдарын жиһаздармен қамту пайызы - 60% (Қазіргі уақытта Агенттік ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің жиһаздарын қолданады), шкаф-сейфтерімен - 50%, ұйымдастыру техникасымен - 44%.
Қаржы-экономикалық нәтижесі:
орталық аппаратының 1 штат бірлігіне кететін орташа шығыны 1359,9 мың теңге, аумақтық органның 1 штат бірлігіне - 831 мың теңге құрайды;
Агенттіктің 1 маманын мемлекеттік тілге оқытуға кететін орташа шығын - 10 315 мың

теңге;
Агенттіктің 1 маманын ағылшын тілге оқытуға кететін орташа шығын - 17111 мың теңге;
Радиобақылау жабдығының 1 бірлігіне - 5750 мың теңге.
Уақтылығы: жасасқан келісім-шарттарға және бекітілген қаржыландыру жоспарларға сәйкес іс-шаралардың уақытылы орындалуы.
Сапасы: мемлекеттік тілге оқыту курстарын өткеннен кейін іс-жүргізуді мемлекеттік тілде жүргізген мемлекеттік қызметкерлер үлесі 55%-ды құрайды;
ағылшын тілге оқыту курстарын өткеннен кейін іс жүргізуді ағылшын тілде жүргізген мемлекеттік қызметкерлер үлесі 27%-ды құрайды;
ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелердің кідіріссіз жұмыс істеуін ұйымдастыру - 100%-ды құрайды;
лицензиялық заңдардың орындалмауын және радиожиілік өріс пен радиоэлектрондық құралдармен заңсыз қызмет атқаратын пайдаланушыларды жедел түрде анықтау және оған жол бермеу деңгейі - 100%-ды құрайды;
жоспарланған нормативтік-құқықтық құжаттарды бекітуі - 100%-ды құрайды.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
369-1-қосымша

Ескерту. Қаулы 369-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 470б қаулысымен.

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**
**002 "Электрондық үкіметті" қалыптастыру шеңберінде**
**мемлекеттік меншікке қатысу" деген республикалық**
**бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 1425000 мың теңге (бір миллиард төрт жүз жиырма бес миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Қазақстан Республикасында "электронды үкіметті" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 карашадағы N 1471 Жарлығы ; "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңының 5-бабы ; "Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістікті дамыту және "Ұлттық ақпараттық

технологиялар" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 сәуірдегі N 492 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы ұлттық операторы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қаңтардағы N 44 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында "электронды үкіметті" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1286 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** KAZSAT спутнигі базасында мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің өзара әрекет етуі үшін бірыңғай көліктік ортаны қалыптастыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** Алматы, Өскемен, Шығыс Қазақстан облысының 19 аудан орталықтары мен қалаларын қамтитын телекоммуникациялық инфрақұрылым құру. Алматы, Өскемен қалаларында қалалық талшықтық-оптикалық сақина құру. Ақпараттық құрылымның Астана қаласындағы мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының пилоттық аймағымен ықпалдасуы.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N п/п № | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | "Электрондық үкімет" қалыптастыру шеңберінде мемлекеттік меншікке қатысу | | | |
| 2 | | 100 | Мемлекеттік органдардың біріңғай көлік ортасының спутниктік сегментін құру | "KazSatNet" АҚ жарғылық капиталын қалыптастыру | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Тікелей нәтиже: Астана қаласында деректер берудің орталық жер станциясының жерсеріктік желісін, Алматы қаласындағы, Өскемендегі, Павлодар облысының 4 аудандарындағы, 19 орталық аудандар мен Шығыс Қазақстан облысы қалаларындағы мемлекеттік органдардың ЕТС ГО-ға жердегі жерсеріктік станциялары мен желінің қолжетімділігін қосатын, ЕТС ГО жерсеріктік сегментінің пилотты аймақ жобасын іске асыру үшін АО "KazSatNet" кәсіпорнын құру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына
370-ҚОСЫМША
603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**
**"Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер"**
**деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 29313 мың теңге (жиырма тоғыз миллион үш жүз он үш мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңының 5-бабы ; " Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңының 5-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістікті дамыту және "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 4 сәуірдегі N 492 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы ұлттық операторы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 16 қаңтардағы N 44 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1286 қаулысы ; "Республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламасын құру мен іске асырудың кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 ақпандағы N 145 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстанның бәсекелестік экономикасын одан әрі құрудың негізгі жағдайларының бірі ретінде инфо-коммуникациялық сектордың озып дамуын қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, саланың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру және дамыту; саланың инновациялық-технологиялық базасының дамуын және техникалық базамен

қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасындағы инфо-коммуникациялық саланың дамуын ғылыми және білім берумен қамтамасыз ету жүйесінің құрылу тенденциясын және осы заманғы жағдайын талдау; радиожиілік спектрді бөлуді жетілдіру; Қазақстан Республикасында инфо-коммуникациялық технологиялардың даму тенденциясын және жағдайын және оның әлемдік қауымдастығына кіру жолдарын талдау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-дау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Ақпарат-тандыру және байланыс сала-сындағы қолдан-балы | 1. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы 6 тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, оның ішінде: 1) байланыс операторлары мүмкіндіктерінің және ақпараттық қоғамның техникалық негіздерінің құрылуындағы қажеттіліктерді қамтамасыз ету есебімен жалпы қолданыстағы телекоммуникация желілерінің цифрлеу деңгейінің жағдайын зерттеу және Тұжырымдамасын әзірлеу; 2) Қазақстан Республикасының инфо-коммуникациялық саласының озып дамуының ғылыми және білім берумен қамтамасыз ету жүйесінің құрылу тенденциясы мен жағдайын зерттеу және Тұжырымдамасын әзірлеу; 3) ырықтандыру жағдайында телекоммуникация саласындағы мемлекеттік реттеуді | Жыл ішінде | Қазақ-стан Респуб-ликасы Ақпа-раттан-дыру және бай- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ғылыми зерт- теулер | жетілдірудің проблемалары мен жолдарын зерттеу; 4) республиканың радиожиілік спектрін пайдалану тиімділігін қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстарды өңдеумен бірге жан-жақты талдау жүргізу; 5) жаңа телекоммуникациялық технологияларды енгізу мақсатында жиіліктерді босату механизмін анықтау мақсатында зерттеу жүргізу және ғылыми-негізделген ұсыныстар әзірлеу; 6) Қазақстан Республикасында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму тенденциясы мен жағдайын және оның әлемдік қауымдастыққа кіру жолдарын бағалау. 2. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу қызметтеріне төлеу. | | ланыс агент- тігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: барлығы 6 ғылыми-зерттеу есеп беру әзірленеді, оның ішінде: байланыс саласында - 3, мемлекеттік қадағалау және лицензиялау саласында - 2, ақпараттандыру саласында - 1.
Соңғы нәтиже:
Байланыс саласында:
телекоммуникация және ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік реттеудің ғылыми-әдістемелік және нормативтік базасы жақсарады; республикада телекоммуникация желілерін цифрлеудің экономикалық және техникалық жағынан тиімді деңгейі, сонымен қатар инфо-коммуникациялық саланың ғылыми-білім потенциалының деңгейі анықталады;
мемлекеттік бақылау және лицензиялау саласында:
Қазақстан Республикасында радиожиілік өрісін пайдалану тиімділігі жоғарылайды;
ақпараттандыру саласында:
Қазақстан Республикасында әлеуметтік-экономикалық салада алдыңғы қатарлы ақпараттандыру-коммуникациялық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері мен

даму перспективалары анықталады.
Қаржы-экономикалық тиімділігі: қолданбалы ғылыми зерттеулердің 1 тақырып бойынша орташа құны 3771 мың теңгені;
мемлекеттік бақылау және лицензиялау саласында - 5 500 мың теңгені, ақпараттандыру саласында - 7 000 мың теңгені құрайды.
Уақыттылығы: қаржыландыру жоспарына сәйкес.
Сапасы: телефондық қондырғылардың, берілетін рұқсат қағаздар мен лицензиялардың, сонымен қатар ақпараттық ресурстардың саны көбейеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
371-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**
**"Байланыс пен хабар таратудың ұлттық спутниктік жүйесін дамыту"**
**деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 1680000 мың теңге (бір миллиард алты жүз сексен миллион теңге).
Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 706 қаулысымен.

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : жоқ.

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ғарыштық аппараттарды және байланыстың мониторинг жүйесін басқаруда қатысатын жоғарғы білікті мамандарды тарту арқылы байланыс пен хабар таратудың ұлттық спутниктік жүйесін дамытуды қолдау, байланыс және телехабарларын тарату инфрақұрылымын жедел дамыту, қатынау қиын аудандарды байланыспен қамтамасыз ету, байланыс пен телехабарларын таратудың халықаралық спутниктік жүйелерімен үйлесімділік, Қазақстан Республикасының жер үсті байланыс инфрақұрылымымен келісуді, спутниктік байланыстың жаңа технологияларын енгізу.
Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 706 қаулысымен.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жер үсті басқару кешені мамандары үшін тұрғын үй-тұрмыс жағдайларын жасау, "Kazsat-2" байланыс және хабар тарату ұлттық

геостационарлық спутнигін жасау және ұшыру жөніндегі бастапқы жұмыстарды қамтамасыз ету.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 706 қаулысымен.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-дау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Байланыс пен хабар таратудың ұлттық спутник-тік жүйесін дамыту | Ғарыштық аппараттарды және байланыстың мониторинг жүйесін басқарудың жердегі кешенінің мамандары үшін және "Kazsat-2" байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасау және ұшыру жөніндегі жұмыстар жүргізу үшін тұрғын-үй кешенін құру мақсатында "Ғарыштық байланыс және радиоэлектрондық құралдардың электр магниттік үйлесімділігі республикалық орталығы" АҚ-тың жарғылық капиталын ұлғайту. | Жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-ликасы Ақпа-раттан-дыру және бай-ланыс агент-тігі |

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 706 қаулысымен.

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: жоғары білікті мамандар үшін 2,0 мың шаршы метр тұрғын-үй іске қосылады, "Kazsat-2 " байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасауға және ұшыруға арналған келісім-шарт жасалады және нобайлық жобасын әзірлеу басталатын болады.

Соңғы нәтиже: Ғарыштық аппараттарды және байланыстың мониторинг жүйесін басқарудың жердегі кешенінің мамандарын тұрғын-үймен қамтамасыз ету 50%-ды құрайды; байланыс және хабар тарату ұлттық спутниктік жүйесін дамыту Қазақстанға ғарыштық байланыс қызметтерінің әлемдік нарығына шығуға мүмкіндік береді, сондай-ақ "Қазақтелеком" АҚ, "Кателко" АҚ, "Астел" АҚ, "Қазтранском" АҚ, "Жарық" ЖШС, "Нұрсат" АҚ, "TNS Plus" АҚ, "Sa-Telcom" ЖШС, "Арна" АҚ телекоммуникациялық байланыс арналарын қорғанысты күшейту үшін ақпаратты

қорғау құралдарын енгізе отырып, ұлттық ғарыш аппараттарына көшіруге, ұлттық және ақпараттық қауіпсіздік проблемаларын шешуге мүмкіндік береді.
Қаржы-экономикалық тиімділігі: тұрғын-үй кешенінің 1 шаршы метріне кететін шығын - 51,4 мың теңге; техника-экономикалық негіздемесіне сәйкес хабар тарату байланыс спутнигін пайдаланудың барлық мерзімі ішінде жобаның бюджеттік тиімділігі 125 %-ды, экономикалық тиімділігі 129 %-ды құрауға тиіс.
Уақтылығы: жұмыстардың кестесіне сәйкес тұрғын-үй жайларын пайдалануға дайындығы 100% құрайды; Kazsat-2" байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасауға және ұшыруға арналған келісім-шартта айқындалған жасау және ұшыру кезеңдеріне сәйкес.
Сапасы: Ғарыштық аппараттарды және байланыстың мониторинг жүйесін басқарудың жердегі кешенінің тұрғын-үй кешенінің сапасымен қанағаттандырылған мамандардың пайызы 100% құрайдыҚазақстан Республикасының аумағын бірыңғай спутникпен қамту қабылдау нүктелерін барынша азайтуға байланысты кідіру уақытын қысқартуға мүмкіндік береді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 470б қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
372-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**
**"Радиожиілік өрісінің және радиоэлектрондық құралдардың**
**мониторинг жүйесін техникалық сүйемелдеу"**
**деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 168284 мың теңге (бір жүз алпыс сегіз миллион екі жүз сексен төрт мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Өлшеулердің біркелкілігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылдың 7 маусымдағы Заңы ; "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 5 шілдедегі Заңы ; "Байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасау және ұшырудың кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылдың 30 желтоқсандағы N 1355 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : радиожиілік спектрі мониторингі жүйесі қызметінің үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : радиобақылау және радиоөлшегіш жабдықтарын, арнайыкөлік, сондай-ақ радиобақылау пункттілерін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-дау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Радио-жиілік өрісінің және радио-элект-рондық құрал-дардың мони-торинг жүйесін техни-калық сүйе-мелдеу | Радиожиілік спектрі мен радиоэлектрондық құралдардың мониторингі жүйесін техникалық қамтамасыз етуін жүргізу: 18 тұрақты радиобақылау пункттілерінің (бұдан әрі - ТРБП) жайларын қорғау;<br>ТРБП үшін жайларды жалға алу;<br>арнайыкөліктер үшін бокстарды жалға алу;<br>азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;<br>коммуналды қызметтерді төлеу;<br>электрлік энергияны төлеу;<br>жылуды төлеу;<br>ЖМЗ, өзге шығын заттарын сатып алу;<br>байланыс қызметтері;<br>штаттан тыс қызметкерлерге төлеу;<br>өлшеу құралдарын тексеруден өткізумен байланысты іссапарлық шығындарды төлеу;<br>өлшеу құралдарын метрологиялық қамтамасыз ету - 30 бірлік;<br>радиожиілік спектрі мен радиоэлектрондық құралдардың мониторин-гі жүйесін қоғаммен инженерлік-техникалық қамтамасыз ету. | Жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-ликасы Ақпа-раттан-дыру және бай-ланыс агент-тігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: " Ғарыштық байланыс және радиоэлектрондық құралдардың электр магниттік

үйлесімділігі республикалық орталығы" акционерлік қоғамымен 18 тұрақты радиобақылау пунктілерін (ТРБП) техникалық қамтамасыз ету; өлшеу құралдарын тексеруден өткізу және инженерлік-техникалық қамтамасыз ету.
Соңғы нәтиже: радиожиілік спектрі мен радиоэлектрондық құралдардың мониторингі жүйесі қызметінің нақтылы жұмыс істеуін қамтамасыз ету.
Қаржы-экономикалық тиімділігі: 18 ТРБП қамтамасыз ету үшін кететін орташа шығын - 36 274 мың теңге, өлшеу құралдарын тексеруден өткізуге - 2 000 мың теңге, жылына мониторинглеу жүйесін инженерлік-техникалық қамтамасыз етуге - 130010 мың теңге.
Уақыттылығы: жасасқан шарттарға сәйкес.
Сапасы: радиожиілік спектрі мен радиоэлектрондық құралдардың мониторинг жүйесінің қызметін пайдаланушылардың жұмыс сапалығымен қанағаттандырылуы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
373-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**
**"Ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің**
**жұмыс істеуін қамтамасыз ету"**
**деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 269459 мың теңге (екі жүз алпыс тоғыз миллион төрт жүз елу тоғыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңының 5, 7-баптары ; "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңының 5-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің " Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы ұлттық операторы туралы" 2004 жылғы 16 қаңтардағы N 44 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасында "электрондық

үкіметті" қалыптастырудың шеңберінде ведомстволық және ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымында біріктірілетін мемлекеттік ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу және техникалық жүйесіне бағдарламалық-аппараттық құралдармен қызмет көрсетуді жүзеге асыру, мемлекеттік ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді қалыптастыруды, дамытуды және сүйемелдеуді ұйымдастыру-техникалық қолдауды жүзеге асыру, мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен ақпараттық ресурстардың өзара іс-қимылының жүйесін және бірыңғай коммуникациялық ортаны құру және техникалық қолдау, мемлекеттік ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімін жүргізуді техникалық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды орындау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-дау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | 1. Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін (басқару) сүйемелдеу.<br>2. Мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің Мемлекеттік тіркелімін сүйемелдеу.<br>3. Жүйелерді, сараптауды сүйемелдеу, оның ішінде сынақ зертханасын сүйемелдеу.<br>4. Бағдарламалық кодтар депозитарийін және нормативтік техникалық құжаттарды сүйемелдеу.<br>5. "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қорының қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуін сүйемелдеу:<br>1) қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуін | | Қазақ-стан |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 010 | | Ведомст-воаралық ақпа-раттық жүйе-лердің жұмыс істеуін қамта-масыз ету | орталық байланыста сүйемелдеу;<br>2) АЖАЖ тіркеу пунктерінің қолданбалы бағдарламалық қамтама-сыз етуін сүйемелдеу.<br>6. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен мемлекеттік органдардың Веб-сайтын сүйемелдеу.<br>7. Интернет-ресурстар-дың мониторингі.<br>8. Телекоммуникациялық қызметтер.<br>9. Жабдықтарға, жүйелер мен желілерге жүйелік-техникалық қызмет көрсету:<br>1) жабдықтарды, операциялық жүйелерді және деректер қорын жүйелік-техникалық қызмет көрсету;<br>2) мемлекеттік органдардың электрон-дық құжат айналымының бірыңғай жүйесінің байланыс орталығы (ЭҚАБЖ-О);<br>3) мемлекеттік органдардың электрон-дық құжат айналымының бірыңғай жүйесінің ведомстволық байланысы (ЭҚАБЖ-В);<br>4) "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қорының (МДҚ) байланыс орталығы;<br>5) "Заңды тұлғалар" мемлекеттік деректер қорының (МДҚ) байланыс орталығы;<br>6) мемлекеттік орган-дардың веб-порталы (е-үкімет);<br>7) Қазақстан Респуб-ликасы Үкіметінің веб-сайты;<br>8) ақпараттық ресурс-тар мен ақпараттық жүйелердің Мемлекеттік тіркелімі;<br>9) сараптау жүйесі;<br>10) "Мекен жай тіркелімі" мемлекеттік деректер қорының байланыс орталығы;<br>11) бағдарламалық кодтар депозитарийі | Жыл ішінде | Респуб-ликасы Ақпа-раттан-дыру және бай-ланыс |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | және нормативтік техникалық құжаттар. | | агент-тігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
1. Сүйемелдеу (ЭҚАБЖ басқару).
63 мемлекеттік органдарда іс-жүргізудің үзіліссіз жұмысын қолдау мақсатында мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін (басқару) сүйемелдеу.
2. Мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерін Мемлекеттік тіркелімін сүйемелдеу.
Тіркелген өнімдердің жалпы саны:
1) ДҚ, БӨ, Веб-сайттары, деректерді беру желісі - 550 бірлік;
2) ақпараттық есептеу құралдары (АЕҚ) - 78000 бірлік.
3. Жүйелердің сараптауды сүйемелдеу, оның ішінде сынақ зертханасын.
Тестіленген құжаттардың жалпы саны (бірлік) - 18 бірлік.
4. Бағдарламалық кодтар депозитариийн және нормативтік техникалық құжаттарды сүйемелдеу.
Бағдарламалық өнімді сертификаттау, мемлекеттік тіркелімнің жұмысына нормативтік құжат.
Документтер мен кодтар - 127 бірлік.
5. "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қорының қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуін сүйемелдеу.
АЖАЖ-ның 35 бөлімдерінде "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қорының қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуін пайдалану.
6. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен мемлекеттік органдардың Веб-сайтын сүйемелдеу (мемлекеттік органдардың саны):
1) мемлекеттік органдардың Веб-сайтын сүйемелдеу, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Веб-сайтын сүйемелдеу;
2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Веб-сайтын дамыту;
3) 4 мемлекеттік органдарда сайттарды құру мен дамыту.
7. Интернет-ресурстардың мониторингі:
1) Қазақстандағы Интернетті пайдаланушылар аудиториясының саны мен құрылымын зерделеу;
2) Қазақстанда Интернет қызметтеріне сұраныстар мен пайдаланушылар аудиториясының санының динамикасын болжамдау.
8. Жабдықтарды, операциялық жүйелерді және деректер қорын жүйелік-техникалық қызмет көрсету.
Жабдықтардың үзіліссіз жұмысы мен базалық бағдарламалық қамтамасыз ету қызметтеріне 128 серверлер болжануда.
9. Телекоммуникациялық қызметтер (қосылған ақпараттық жүйелердің саны):

1) интернетке бөлінген арналарды қосу - 4;
2) бөлінген арналарға қосу - 3;
3) VPDN қызметіне қосу - 434.
Соңғы нәтиже:
1. Сүйемелдеу (ЭҚАБЖ басқару).
Тіркеу құжаттарына уақытында және жедел қол жетімділікті 67% қамтамасыз ету.
2. Мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің Мемлекеттік тіркелімін сүйемелдеу.
ДҚ, БӨ, Веб-сайты, деректерді беру желісі және ақпараттық есептеу құралдарын (АЕҚ) сүйемелдеу мен өзектілеу мемлекеттік органдардың жалпы санынан 84% жүргізіледі.
3. Жүйелерді, сараптауды сүйемелдеу, оның ішінде сынақ зертханасын. Мемлекеттік тіркелімдегі (барлығы - 180 бірлік) жалпы санынан ақпараттық жүйені сынау проценті - 10.
4. Бағдарламалық кодтар депозитарийін және нормативтік техникалық құжаттарды сүйемелдеу.
Мемлекеттік ұйымдардың 40-тан 80% құрайды.
5. "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қорының қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуін сүйемелдеу:
16,3 % мемлекеттік органдарды, ведомстволарды Қазақстан Республикасында тұратын және уақытша тұратын халықтар туралы өзектіленген және шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету.
6. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен мемлекеттік органдардың Веб-сайтын сүйемелдеу.
Мемлекеттік органдардың Веб-сайтын сүйемелдеу, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Веб-сайтын сүйемелдеу. Мемлекеттік органдардың заңнамалық сипаттағы ақпараттық хабарламалары мен құжаттарына қол жеткізу мүмкіндігі - 4 %.
7. Интернет - ресурстардың мониторингі.
Интернет - ресурстарының жүргізілген іс-шараларының мониторингінің деректерін пайдаланудың өсуін ескере отырып (жылына 2 рет) осы іс-шараның құны жарты жылда 1025 млн. теңгені құрайды. Іс-шараның бір жылғы құны 2050 млн. теңге.
8. Жабдықтарды, операциялық жүйелерді және деректер қорын жүйелік-техникалық қызмет көрсету.
Операциялық жүйелерді және деректер қорының жұмыс істеуі үшін жағдайларды сақтау жабдықтардың жұмыс істей алмау қаупін төмендету 90%.
9. Телекоммуникациялық қызметтер (қосылған ақпараттық жүйелердің саны).
Уақытты үнемдеу, шығынды төмендету.
Уақтылығы: бекітілген графиктерге сәйкес іс-шаралар белгіленген мерзімде жүзеге асырылатын болады.

Сапасы:
1. Сүйемелдеу (ЭҚАБЖ басқару).
Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесінің сапалы және қол жетімді бағдарламалық қамтамасыз етуіне мемлекеттік органдарды 90% қанағаттандырады.
2. Мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің Мемлекеттік тіркелімін сүйемелдеу:
1) ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелері туралы ақпаратты 100 % жүйелеу ( АР мен АЖ )
2) ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді бірегейлендіруді ұйымдастыру үшін АР мен АЖ әзірлеушілеріне 100% ақпаратты ұсыну.
3. Жүйелерді, сараптауды сүйемелдеу, оның ішінде сынақ зертханасын. Бағдарламалық құралдар мен деректер қорының сапасын 100% бағалау.
4. Бағдарламалық кодтар депозитарийін және нормативтік техникалық құжаттарды сүйемелдеу.
Мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық-телекоммуникациялық құжаттары мен кодтарының депозитарийін 100% сақтау.
5. "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қорының қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуін сүйемелдеу:
1) Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жүгінген кездегі уақытын қысқарту және халыққа көрсетілетін ақпараттық қызметті 100% жақсарту;
2) Мемлекеттік органдарды және халықтың арнайы категориядағы есебімен айналысатындарды Қазақстан Республикасына уақытша келгендерді және тұратын халықтар туралы өзектіленген және шынайы ақпараттар туралы қамтамасыз ету.
6. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен мемлекеттік органдардың Веб-сайтын сүйемелдеу (мемлекеттік органдардың саны).
Әрбір мемлекеттік органды 100% ақпаратының ашықтығы мен қол жетімділігі.
7. Интернет-ресурстардың мониторингі.
Интернет саласын дамыту туралы талдау есебімен 100 % қанағаттандыру.
8. Жабдықтарды, операциялық жүйелерді және деректер қорын жүйелік-техникалық қызмет көрсету.
Техникалық жабдықтар мен базалық бағдарламалық қамтамасыз етудің үздіксіз 100% жұмыс істеуін қамтамасыз ету.
9. Телекоммуникациялық қызметтер (қосылған ақпараттық жүйелердің саны).
Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуіне қажетті телекоммуникациялық ресурстардағы қажеттілікті 100% қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
374-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**
**"Байланыс және хабар таратудың ғарыштық аппараттарын басқаруды қамтамасыз ету"**
**деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 549451 мың теңге (бес жүз қырық тоғыз миллион төрт жүз елу бір мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 470б қаулысымен.

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңы ; "Байланыс және хабар таратудың ұлттық геостационарлық спутникті құру және ұшыру туралы кейбір мәселелер" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1355 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : байланыс және хабар тарату ұлттық спутник жүйесінің қызметін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : қазақстандық спутниктің орбиталды позициясын басқа елдермен - Байланыстың халықаралық электркеңесінің мүшелерімен халықаралық координациялау жөніндегі жұмыстар жүргізу; байланыс және хабар таратудың ұлттық геостационарлық спутниктің, жердегі ғарыштық инфрақұрылымының сақтандыруын қамтамасыз ету, ғарыштық инфрақұрылымын басқарудың жердегі кешенінің қызметін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаның іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдар-лама коды | Кіші бағдар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | Қазақстандық спутниктің орбиталды позициясын халықаралық координациялауды іске асыруға, | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 012 | | Байланыс және хабар таратудың ғарыштық аппарат- тарын басқаруды қамта- масыз ету | байланыс және хабар таратудың ұлттық геостационарлық спутниктің, жердегі ғарыштық инфрақұры- лымының сақтандыруын қамтамасыз ету және "Метеостанция-2", спутниктік байланыстың 2 арнасын жалдауға мүліктік кешенін ұстау үшін "Ғарыштық байланыс және радиоэлектрондық құралдардың электр магниттік үйлесімді- лігі республикалық орталығы" АҚ-ға әртүрлі ағымдық трансферттер аудару. | Жыл ішінде | Қазақ- стан Респуб- ликасы Ақпа- раттан- дыру және бай- ланыс агент- тігі |

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 470б қаулысымен.

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
1) жиілік-орбиталды жоспарларды таңдау, негіздеу және талдау, KAZSAT жүйесінің жиілілік иеленуді халықаралық координациялау; Тапсырушының Байланыс әкімшілігіне және тікелей Тапсырушыға тапсыру үшін жоспарлы және жоспардан тыс жиілік белдеулерінің халықаралық тапсырыс құжаттарының жобаларын дайындау, өңдеу және әзірлеу, Зерттеу комиссияларда сәйкес жиілік белдеулерді регламентациялаудың проблемаларын шешу кезінде ұсыныстарды өңдеу және негіздеу; координацияға ақпараттық-талдау қамтамасыз етуді жүргізу; жүйенің жиілік иеленуді халықаралық координациялау және тіркеу жөнінде есеп берулерді жүйелі түрде дайындау және тапсыру; арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді өңдеу (модификация);
2) Байланыс және хабар таратудың ұлттық геостационарлық спутникті, жердегі ғарыштық инфрақұрылымын сақтандыру;
3) "Метеостанция-2" мүліктік кешенін ағымдық ұстау;
4) спутниктік байланыстың 2 арнасын жалдау.
Соңғы нәтиже: байланыс және хабар таратудың ұлттық спутниктік жүйесінің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.
Қаржы-экономикалық нәтижесі: қолданыстағы заңдарға сәйкес мемлекеттік сатып алуларды жүргізу.
Уақтылығы: бекітілген қаржыландыру жоспарымен сәйкес.
Сапасы: қазақстандық спутниктің меншік орбиталды позициясын халықаралық құқықтық қорғауды қамтамасыз ету;
сақтандыру жағдайы келген кезде қорғауды қамтамасыз ету, "Метеостанция-2"

мүліктік кешенінің тиесілі қызмет етуін қамтамасыз ету.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 470б қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
375-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**
**"Почта-жинақтау жүйесін дамыту"**
**деген 013 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны:** 900000 мың теңге (тоғыз жүз миллион теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 23 қазандағы N 1015 қаулысымен.

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Үкіметінің "2005-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының дамыту бағдарламасын бекіту туралы" 2004 жылғы 20 қазандағы N 1077 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халыққа және экономиканың нақты секторына жоғары сапалы деңгейде почта және қаржылық қызметтердің кең спектріне еркін қолжетімділікті қамтамасыз етуге қабілетті, тиімді почта-жинақтау жүйесін қалыптастыру.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ауылдық және қалалық жерде 80 өндірістік объектілер көлемінде филиалдық почта-жинақтау жүйесін капиталдық және техникалық жарақтандыру; ауылдық жерде 15 ауылдық байланыс бөлімшелерін салу арқылы меншіктік филиалдық жүйе құру; ауылдық жерде почта байланыс бөлімшелерінің операциялық залдарын 37 комплект көлемінде өндірістік жиһаздармен жабдықтау.

Ескерту. 5-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 470б , 2006 жылғы 23 қазандағы N 1015 қаулыларымен.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| | | Кіші бағ- | Кіші бағдарла- | | | Жауапты орын- |
|---|---|---|---|---|---|---|

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | дар-лама коды | малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | дау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 013 | | Почта-жинақтау жүйесін дамыту | Ауылдық жерде және қалаларда почта инфрақұрылымын дамыту үшін "Қазпочта" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту. | 2006 жылдың 1-тоқсаны | Қазақ-стан Респуб-ликасы Ақпа-раттан-дыру және бай-ланыс агент-тігі |

Ескерту. 6-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 470б , 2006 жылғы 23 қазандағы N 1015 қаулыларымен.

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 44 аудандық тораптар және 36 қалалық почта байланысы бөлімшелер ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу; 15 ауылдық почта байланысы бөлімшелерінің құрылысын салу, почта салу және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі техникалық нығайту талаптарына сәйкестікке келтіру; ауылдық почта байланысы бөлімшелерін 37 комплект көлемінде өндірістік жиһаздармен жабдықтау.

Соңғы нәтиже: 95 жаңадан жарақтандырылған почта байланысы бөлімшелерінде компьютерлік және банктік жабдықтардың бірыңғай инфо-коммуникациялық кеңістікте технологиялық қызметтерге нақты уақыт режимінде пайдаланушылардың еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін базалық алғы шарттарды құру.

Қаржы-экономикалық нәтижесі: көрсетілетін қызметтердің спектрін кеңейту почта-жинақтау жүйесінің жалпы табысын 5-8 % өсіруге, және сәйкесінше Қоғам жұмыскерлерінің еңбек ақысының 7-9% өсуіне, бюджеттің салықтық түсімдерін 3-5% өсуіне ықпал етеді.

Уақтылығы: жасалған келісім-шарттар мен құрылыс кестелеріне сәйкес. Сапасы: нақты уақыт режимінде қаржылық қызметтер көрсету, пайдаланушылардың Интернетке бағытталған қызметтерге қолжетуі, жаңадан жарақтандырылған почта-жинақтау жүйесінің 95 бөлімшелерінде көрсетілетін қызметтердің спектрін 10%-ға кеңейту.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 470б , 2006 жылғы 23 қазандағы N 1015 қаулыларымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
376-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған "Ауылдағы байланыс операторларының әмбебап байланыс қызметтерін ұсыну жөніндегі залалдарына өтемақы" деген 017 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 3268183 мың теңге (үш миллиард екі жүз алпыс сегіз миллион бір жүз сексен үш мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 470б қаулысымен.

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 2004 жылғы 5 шілдедегі "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 34-бабы ; " Халыққа телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсететін байланыс операторларының шығындарын өтеу үшін телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің құнын субсидиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қазандағы N 1039 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ауылдық елді мекендерде телекоммуникацияның әмбебап қызметтеріне және ақпараттық ресурстарға халықтың қол жетімділігін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ауылдық елді мекендерде қызмет көрсететін байланыс операторларының шығынсыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, оның ішінде ауылдық елді мекендерді 2006 жылы телефондандыру бойынша.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-дау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 017 | | Ауылдағы байланыс оператор-ларының әмбебап байланыс қызмет- | Субсидиялау ережесіне сәйкес ауыл халқына телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін ұсыну бойынша ауылдық | | Қазақ-стан Респуб-ликасы Ақпа-раттан- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | терін ұсыну жөніндегі залал-дарына өтемақы | байланыс операторларының залалдарына өтемақы. | Жыл ішінде | дыру және бай-ланыс агент-тігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсетуші ауылдық байланыс операторлары шығындарының өтемақысы 3268183 мың теңге көлемінде. Соңғы нәтиже: жалпы саны 7660 ауылдық елді мекендерден 5257 телефондандырылған ауылдық елді мекендерде (саны 50 адам және одан жоғары) телекоммуникацияның әмбебап қызметтеріне халықтың үздіксіз қолжетімділігін қамтамасыз ету. Қаржы-экономикалық нәтижесі: ауылдық 1 абонентке шаққанда шығатын шығын есебінен төленген субсидияның көлемі жылына 6948 теңге. Уақтылығы: жасасқан шарттарға сәйкес уақытылы субсидияларды төлеу. Сапасы: телекоммуникацияның әмбебап қызмет көрсету сапасымен ауылдық абоненттердің қанағаттануы.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 470б қаулысымен.

